

М.Қ. Қамысбаев

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

**АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАСЫН
ДАМУДА ТЕХНИКАЛЫҚ СЕРВИСТІ «ӨНДІРУШІ-ТҰТЫНУШЫ»
ЖҮЙЕСІНДЕ ЖҮРГІЗУ**

Аннотация. Қазақстан ауыл шаруашылығының дамуы оның материалдық-техникалық базасының деңгейіне айтарлықтай байланысты. Қазіргі кездегі ауыл шаруашылығында қалыптасқан техникалық жарақтану деңгейі және ауыл шаруашылығына қызмет көрсету, ауыл шаруашылығын тиімді дамытуды тежеп отырған факторлардың негізгілерінің біреуі. Ол егістік алаңдардың қысқаруына, ауылшаруашылық дақылдарын өсіруде оңайлатылған технология қолдануына да, мал шаруашылығы өнімдерін өндіруде механикаландырудың нашар болуына да үлкен әсер етеді.

Кілт сөздер: техникалық жарақтану, машина-трактор паркі, лизинг, құрал-саймандар, техникалық сервис, машина-трактор стансасы.

Еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арналған 2010 жылғы жолдауында атап көрсеткендей, экономиканы таяудағы онжылдықта тұрлаулы да теңдестірілген дамуы жедел диверсификациялау және ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру есебінен қамтамасыз етілетін болады. Себебі, Қазақстан экономикасының қазіргі даму кезеңінде өндірісті диверсификациялау үрдістері өндірістерде инновациялық прогресс жетістіктерін қолдануға, өндіріс техникасы мен технологиясын жетілдіруге, экономиканың шикізаттық бағытын өзгертуге мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылық өндірісін диверсификациялау үшін ауыл шаруашылығын техникамен жарақтану мәселелерін шешу қажет. Атап айтатын болсақ, тәуелсіздік алған 20 жылдың ішінде Қазақстанның ауылшаруашылығы саласына көптеген іс-шаралар атқарылуда. Соның ішінде машина-трактор паркін жақсартудың қазіргі кездегі жағдайы республика бойынша 156,0 мың шынжыр табанды және доңғалақты тракторлар, 49,5 мың астық жинайтын комбайндар, 51,0 мың жүк автомобильдер, 15,2 мың дестелегіштер, 90,6 мың тұқым сепкіштер және 336,5 мың топырақ өңдеу техникалары бар екендігі көңіл қуантады. Нақты сандармен келтірер болсақ қолда бар негізгі ауыл шаруашылығы техникалардың 2003-2010 жж. саны төмендегі кестеде көрсетілген (1-кесте).

1-кесте. Қазақстан ауыл шаруашылығы саласындағы негізгі техникалар саны, (дана)

Техниканың атаулары:	2003ж	2004ж	2005ж	2006ж	2007ж	2008ж	2009ж	2010ж
Тракторлар	128490	129411	1326276	134799	13721	158230	158276	156656
Комбайндар	39678	41093	42544	43849	45454	46354	48507	49503
Егіс кешендері	38	337	762	1117	1457	2074	2213	2408
Тұқым сепкіштер	81983	82919	87625	89825	90743	91310	91340	90690
Дестелегіштер	14774	14859	15458	15575	15243	14851	15173	
Топырақ өңдеу техникалары	331836	334239	339768	348957	337741	336326	336367	336542
Жүк автомобильдері	46619	46706	46772	46827	46835	51017	51026	51026
Ескерту – ҚР АШМ мәліметтері негізінде құрылған								

Республиканың дән жинаушы комбайындар, доңғалақты және шынжыр табанды тракторлар, өзге де ауыл шаруашылығы техникалар рыногы іс жүзінде барлық жетекші өндіруші елдермен ТМД – Ресей, Украина және Беларусь елдерінде шығарылған техникалардың басымдығымен көрінеді, бұл салыстырмалы қол жетімді бағаға, Қазақстанның табиғи-климаттық жағдайына бейімделуге, жөндеу және техникалық қызмет көрсету сервистік базасының болуына байланысты.

Соңғы 8 жыл (2002-2009) ішінде республикада 38 мың бірліктен астам негізгі ауыл шаруашылығы техникасы және жиһаздары әр түрлі қаржыландыру көздері: бюджеттік инвестициялар, екінші деңгейдегі банктердің несиелеу қаржысы арқылы, жеке тұлғалар және өзгелер арқылы сатып алынды. Көрсетілген мерзімде сатып алынған негізгі ауыл шаруашылығы техникалардың түрлері келесі 2-кестеде келтірілді.

2-кесте. Сатып алынған негізгі ауыл шаруашылығы техникалар, (дана)

Атаулары	2002ж	2003ж	2004ж	2005ж	2006ж	2007ж	2008ж	2009ж	барлығы
Тракторлар	571	916	1 427	1 250	1 220	1 129	1 914	950	9 377
Комбайындар	1 410	1 364	1 415	1 461	1 295	1 606	1 785	1 150	11 486
Сепкіштер	686	501	1 425	865	468	681	717	430	5 773
Егіс кешендер	9	27	285	412	356	408	495	334	2 326
Дестелегіштер	149	228	473	376	168	350	251	172	2 167
Топырақ өндеу техникалары	248	343	571	491	181	313	290	216	2 653
Жүк автомобильдер	29	88	47	62	79	94	202	80	681
Өзге техника	79	90	137	181	159	729	1 380	901	3 656
Барлығы	3 181	3 557	5 780	5 098	3 926	5 310	7 034	4 233	38 119
Ескерту – ҚР АШМ мәліметтері негізінде құрылған									

Машина-трактор паркін лизинг есебінен жаңарту: 2009 жылы «ҚазАгроҚаржы» АҚ арқылы аграрлық секторға тартылған инвестицияның көлемі 32,1 млрд. теңгені құрайды, оның ішінде бюджеттік қаражат есебінен – 12,0 млрд. теңге (Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен бөлінген инвестицияны есепке алғанда), уақытша бос ақшалай қаражат - 12,8 млрд. теңге, өз қаражаттары – 3,3 млрд. теңге, экспорттық қаражат – 7,3 млрд. теңге әр түрлі ауыл шаруашылығы техникалары мен жабдықтарды сатып алу қаржыландырылды [2].

«ҚазАгроҚаржы» АҚ өзінің барлық қызмет атқару мерзімі кезіңінде лизинг және несиелеу жолымен жалпы соммасы 107,4 млрд. теңгеге сатып алынған 13 мың бірлік әр түрлі ауыл шаруашылығы техникалары мен жабдықтарды қаржыландырды.

Ауылшаруашылық тауар өндірушілерін техникалық қамтамасыз ету мәселелелерін шешудің екі негізгі бағыттары бар: жаңа техникалар жеткізу, қолда барына сапалы жөндеу және қолда барларын жұмысқа қабілетті жағдайды ұстап отыру. Республикада қалыптасқан техникалық қамтамасыз ету деңгейінде және машиналардың жағдайында ауылшаруашылық техникаларды жыл сайын талап етілетін жаңалап отыратын көлемі 10-20% кем болмауы керек. Ал жаңалаудың нақты көлемі, сатып алу қабілетті ескере отырып жақын жылдарда 3-7% шеңберінде деп күтілуде. Әрине, ауылшаруашылық тауар өндірушілердің ресурстары шектеулі екені белгілі, сондықтан оларға осы екінші бағыт дұрыс болады деп ойлаймыз. Осы бағытта толық көлемінде іс жүзіне асыру ауылшаруашылық техникаларына қажеттілікті 15-20%-ға азайтуға мүмкіндік береді.

Қызмет көрсетудің қымбат болуынан көптеген ірі шаруашылықтар машина-технологиялық стансалар қызметінен бас тартуда және өз күштерімен істеуге әрекеттенеді, ал шағын кәсіпорындар көршілердің, заңсыз көмектеріне бет бұруда. Бұл өз кезегінде, ауылшаруашылық тауар өндірушілерге тиімді қызмет көрсете алмай жүрген машина-трактор стансаларының жұмысын тоқтатуға алып келеді.

Қолда бар техниканы, егер оған тиімді қызмет көрсете алатын қызметтік жүйе болмаса, оңтайлы пайдалану мүмкін емес. АӨК-дегі техникалық қызмет кешенді қызмет көрсетудің прогрессивті түрлерінің бірі, ол ауылшаруашылық тауар өндірушілеріне техникалық құрал-саймандар алуға, жоғары өнімділікпен пайдалануға, білікті қызмет көрсетуге және жөндеу жұмыстарында көмектеседі. Жарнама, жаңа техника туралы ақпараттар, оған берген тапсырыстың мақсатқа сай келетінін не келмейтінін негіздеу, сату алдындағы дайындық, техниканы монтаждау, оны істетіп көру, тұтынушылардың персоналын алған техниканы тиімді пайдалануға, қызмет етуге, жөндеуге оқытып-үйрету, қосалқы бөлшектермен, агрегаттармен қамтамасыз ету жұмыстары да осы техникалық қызметтің мойнында.

Көрсетілген факторлардың әсерінен республика АӨК-нің жөндеу-қызмет көрсету базаларының құрылымы өзгерді, аудандық және облыстық деңгейдегі жөндеу кәсіпорындарының саны қысқарды, олардың жүктелімі де кеміді. Жөндеу-профилактика жұмыстары негізгі көлемі 90% ірі ауылшаруашылық кәсіпорындарының қызмет көрсету орындарында жасалып келеді.

Республикада реформаға дейінгі ауылшаруашылық техникаларына техникалық қызмет көрсету және жөндеудің жоспарлы-ескерту жүйесі бұзылған. Іс жүзінде, диагностика жасаушы деген мамандықтардың жұмысшылары жоқ десе де болады. Дегенмен техникалардың қызмет еткен мезгілі, «қартаюы» көбейген сайын жөндеу алдын - ала жұмыстарының ролі елеулі арта түседі.

Сарапшылар, республика АӨК-нің фирмалық техникалық қызметке көшуі, әрине экономикалық дамыған елдердегідей түрінде көшуі, жақын арада мүмкін емес деп есептейді. Оның тұрақталуын және әрі қарай дамуын, біздегі техникалардың 90%-дан көбі басқа мемлекеттерден әкелінетіндігі тежеп отыр.

Техникалық қызметті дамыту үшін үш негізгі талап керек: машиналар мен жабдықтардың сапасы жоғары болуы керек; барлық пайдаланылатын мерзімінде бөлшек заттармен кепілді қамтамасыз ету; тұтынушының техникалық қызметінің формасы мен әдістерін таңдауы және соған байланысты экономикалық қатынастарды жүргізуі керек.

Техникалық сервис «өндіруші-тұтынушы» жүйесінде ұзақ өндірістік қатынастарды қарастырады, ол ауылшаруашылық техникаларының ұдайы өндірісі процесінде қатынасушылардың жалпы мүддесіне және өзара пайдасына негізделеді.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстан дамуының басты болашағы»// Егемен Қазақстан, - 30 қаңтар 2010 ж.
2. «ҚазАгроҚаржы» АҚ мәліметтері. Астана 2010 ж.

М.К. Камысбаев

ПРОВЕДЕНИЕ ТЕХНИЧЕСКОГО СЕРВИСА ПО СИСТЕМЕ «ПРОИЗВОДИТЕЛЬ - ПОТРЕБИТЕЛЬ» ДЛЯ РАЗВИТИЯ МАТЕРИАЛЬНО – ТЕХНИЧЕСКОЙ БАЗЫ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА

В статье рассмотрены проблемы обеспечения сельского хозяйства техникой. Приведены данные по обеспеченности сельского хозяйства техникой. Разработаны

предложения по организации технического сервиса на предприятиях по схеме «производитель – потребитель».

M.K. Kamysbayev

CARRYING OUT TECHNICAL SERVICE ON THE PRODUCER-THE CONSUMER SYSTEM FOR DEVELOPMENT IS MATERIAL – TECHNICAL BASE OF AGRICULTURE

In article problems of providing agriculture are considered by equipment. Data on security of agriculture with equipment are provided. Offers on the organization of technical service at the enterprises for the scheme "the producer – the consumer" are developed.

ӘОЖ 631.10.10

Қамысбаев М.Қ., Егізбаева Г.К.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІК ПРОБЛЕМАЛАРЫН ШЕШУДЕ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ МЕХАНИЗМІНІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ

Аннотация. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, нарықтық экономика жолымен дамыған елдерде экономикалық жүйенің толыққанды жұмыс істеуі үшін тек қана ерікті баға саясаты жүргізілмейді. Әлеуметтік-экономикалық маңызы зор, соның ішінде халыққа аса қажет азық-түлік түрлерінің бағалары мемлекет тарапынан тікелей де және жанама жолдармен де үнемі реттеліп отырады.

Кілт сөздер: азық-түлік, азық-түлік қауіпсіздігі, аграрлық сектор, агроөнеркәсіп кешені, ауылшаруашылық өнімдері, тұтыну бағасы, субсидия бөлу, бағаны реттеу.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Жолдауында экономиканы индустриялық-экономикалық жаңартуға, қазақстандық өнім құрамын ұлғайтуға және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағдарланған ірі жобаларды жүзеге асыру көзделген [1]. Елбасы атап өткен бизнес мүмкіндіктерін жүзеге асыру ұлттық экономика салаларының кең ауқымында ұлғайюын қамтамасыз етеді.

Азық-түлік қауіпсіздігі – бұл еліміздің ұлттық қауіпсіздігінің құрамдас бөлігі. Әлемнің көпшілік елдеріндегі сияқты, қауіпсіздіктің бұл аспекті мемлекеттік саясат пен ғылыми-зерттеулердің маңызды бағыты болып келеді. Бұл 2010-2014 жылдарға арналған Үдемелі индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасында атап өтілген. Осының негізінде Қазақстанда импортты алмастыруды арттыруға энергетикалық және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған салалық және аймақтық бағдарламалар әзірленді. Мұнда Қазақстанның әрбір аймағы шаруашылық жүргізудің ерекше жағдайларын ескере отырып, өзінің бәсекеге қабілетті артықшылықтары мен нарықтық тәуекелдерін пайдалану арқылы өз стратегиясын дайындайды.

Дүние жүзі елдерін түгелдей қамтыған қаржылық, экономикалық дағдарыс кезеңінде Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінің тұрақтылығын қамтамасыз етіп, оны одан әрі тиімді дамыту және елімізде азық-түлік қауіпсіздігін сақтаудың әлеуметтік-экономикалық және саяси мәні зор болып отырғаны белгілі.

Біздің еліміз дүние жүзінің ауылшаруашылық өнімдерін өндіретін негізгі 25 мемлекеттің қатарына енеді және өзінің ресурстық әлеуеті жағынан қазіргі деңгейден 3-5 есе артық өнім өндіруге мүмкіндігі бар екені белгілі. Сонымен қатар, сарапшылар